

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру сыйыптары (түрлері) бойынша сақтандыру тарифтерін бағалау әдістері мен есептеу қағидаттарына қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2006 жылғы 25 наурыздағы № 85 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 13 ақпандығы № 30 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылды 4 сәуірде № 7520 тіркелді

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 16-бабының 2-1-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы ұлттық Банкінің Басқармасы

Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру сыйыптары (түрлері) бойынша сақтандыру тарифтерін бағалау әдістері мен есептеу қағидаттарына қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2006 жылғы 25 наурыздағы № 85 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2006 жылғы 24 сәуірде № 4204 тіркелген) мынадай өзгерістер мен т о л ы қ т ы р у л а р е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру сыйыптары (түрлері) бойынша сақтандыру тарифтерін бағалау әдістері мен есептеу қағидаттарына қойылатын талаптар туралы нұсқаулықта:

1, 2, 3 және 4-тараулардың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Нұсқаулықта пайдаланатын негізгі ұфымдар»;

«2. Сақтандыру тарифтік мөлшерлемелерді есептеуге қойылатын жалпы талаптар»;

«3. Сақтандыру тарифтерін бағалау және есептеу әдістеріне қойылатын талаптар»;

«4. Сақтандыру тарифтерін есептеудің, оларды ресімдеудің және орналастырудың нәтижелеріне қойылатын талаптар»;

мынадай мазмұндағы 17-1, 17-2 және 17-3-тармақтармен толықтырылсын:

«17-1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы интернет-ресурста немесе клиенттер көру үшін қол жетімді жерде сақтандыру сыйыптары бойынша сақтандыру тарифтерінің мөлшері туралы ақпаратты орналастырады, бірақ мыналар туралы ақпаратпен шектелмей, оны қоса алғанда:

1) сақтандыру тарифінің негізгі, ең төменгі негізгі және ең жоғарғы негізгі мөлшерлері;

2) дифференциялау коэффициенттері;

3) сақтанушылардың (сақтандырылған) санаттарына және қабылданған жіктеуге сәйкес сақтандыруға қабылданатын сақтандыру тәуекелдеріне байланысты сақтандыру тарифтерін (сақтандыру сыйлықақыларының мөлшерін) бөлу кестесі.

Осы тармақтың 3) тармақасының талаптары «өмірді сақтандыру» саласының сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымына таралмайды.

17-2. Осы Нұсқаулықтың 17-1-тармағында көрсетілген ақпаратты орналастыру үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншікті интернет-ресурсы немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бас офисінде және филиалдарындағы үй-жайлары, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының клиенттері еркін кіре алатын сақтандыру агентінің (занды тұлғанын) офисі пайдаланылады.

17-3. Осы Нұсқаулықтың 17-1-тармағында көрсетілген ақпарат осы ақпарат жасалғандағы жағдай бойынша күнін және уақытын және оның қолданылу кезеңін көрсете отырып, мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру тарифтерінің мөлшерлерін қараған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы оларды актуарий бекіткен күннен бастап үш жұмыс күн ішінде тиісті ақпаратты өз интернет-ресурсында және (немесе) клиенттер көру үшін қол жетімді жерде жаңартады.»;

5-тaraудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
« 5 . Корытынды ережелер ».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық

Банк

Төрағасы

Г. Марченко

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК